

–100–

ЖАҢЫЛТПАШ



Жаңылтпаш — қазақ ауыз әдебиетінің шағын жанры. Жаңылпаш ойын-сауыққа жиналған жұртты күлдіру; жас ұрпақтың тілін ұстартып, әр түрлі сөзді шапшаң айтуға үйрету мақсатымен пайда болған. Жаңылпаштың сөздері адамды жаңылдыратындай қиын, көбінесе, ұяң және қатаң дауыссыз дыбыстардан құралады, қара сөз немесе өлең түрінде болады. Жаңылпаш ойын-сауықтарда ән білмейтін, жатқа тақпақ айта алмайтын жастарға жаза ретінде де қолданылған. Мұндай ұятты жағдайға қалмас үшін әр жас жігіт пен қыз ән-жыр үйренуге талпынған. Қазіргі кезде Жаңылпаш жаңа мазмұнға ие болып, түрі мен мазмұны жағынан молыға түсті. Жас ұрпақты достыққа, бірлікке, адамгершілікке, ізгі қасиеттерге тәрбиелеудің маңызды құралына айналды.

Зерттеу барысында 5-6 жастағы әрбір 100 баланың 65-інің тілінде ақау бар екені анықталса, мамандар бақылауындағы бір топ оқушының 20%-ы мәнерлеп сөйлей алмаған. Бұл кемшілік баланың сабақ үлгеріміне, шет тілін меңгеруіне кедергі келтіреді. Әдетте, бүлдіршіндер арасында «р» және «л» дыбыстарын айта алмайтындары көбірек кездеседі. Дер кезінде қолға алмаса, бұл проблемадан құтылу қиын. Осы кезде балаға жаңылтпаш көп көмектеседі. Отбасында балаңызбен бірге отырып, 10-15 минут жаңылтпаш айтып жаттықсаңыз жетіп жатыр.

Құрастырушы және жинақтаған: "EVEREST"



**Ою ою ойым бар-ды,
Ойналмастан ойын қалды.
Орындалмай ойымдағы
Ойылмады ою-дағы.
Орашолақ, олақпын ба,
Оя алмадым оюларды?**

**Асан бақша жақтан.
Ақ сабақ асқабақ әкелді,
Басқа жақтан.
Басқарақ асқабақ әкелді.**



**сұр інген сүрінген бе
сүрінген сұр інген бе**

**бұлаң бұлаң еткен бұл аң
бұлаң десем екен қылаң**

**доп теп
дөптеп**

**Біреуі көрікті кісі,
Біреуі бөрікті кісі.
Көрікті кісі – зорықты,
Бөрікті кісі – қорықты.**



**Тоқпақ жаттап,
Айтсақ жақсы-ақ.
Жатка тақпақ
Жатта тақ-тақ**

**Қондық жаңа қонысқа,
Қалың екен жоңышқа.
Қоныстағы жоңышқа,
Оралады қонышқа!**

**Кермеде тұр қырық
кір қыстырғыш,
Қырық кір қыстырғышқа
Қырық қыз келіп,
кір қыстырды.**



**Ата мен әже, ана да,
Алма мен алмұрт тереді,
Ауырға Арман бала да,
Арбамен тасып береді.**

**Баланың жаман баға алмағаны,
Мұғалім ағаның жаман болмағаны.**

**Қоғанбай қомағай ма?
Жоқ, ағай
Қоғанбай қомағай емес,
Зор ағай.**



**Күз, Кез, Көз,
Күш, Кеш, Көш,
Кір, Кер, Көр,
Күл, Кел, Көл,
Кілең қысқа сөз,
Кім оқиды тез?**

**Сен өлше, ол өлшер,
Сол өлшем, сол мөлшер.**

**Омар ора алар,
Омар ора алмаса,
Орал ора алар.**



**Омартаға балалар барар,
Балаларды аралар талар.**

**Алашаларды
Таба алса, алар.
Үміт түбіт түтті,
Түбітті түтіп бітті.**

**Арқада алты арқар бар,
Қырқада қырық арқар бар.
Қырық арқарда ақ арқар бар.
Алты арқарда марқа арқар бар.**



**Гүлім гүлге қарап күлімдеді,
Көгілдір гүлге қонған аралар гуілдеді.**

**Аршабек арша деп шыршаны,
Шыршабек шырша деп аршаны,
Шатасты күлдіріп баршаны,
Шырша деп, арша деп шаршады**

**Алатауда неше шың бар?
Қаратауда неше шың бар?
Алатауда бір мың шың бар,
Қаратауда бір мың шың бар.**



**Айта-айта жақ талды,
Қайта-қайта жатталды.
Қайта-қайта жақ талды,
Айта-айта жатталды.**

**Ата мен әже, ана да,
Алма мен алмұрт тереді.
Ауылға Арман бала да,
Арбамен тасып береді.**

**Айдын көлде саңқылдап,
Аққу жүзді таранып.
Ауық-ауық жақындап,
Анадайдан қарадық.**



**Ақ тайлағым –
нар тайлағым!
Нар тайлағыма:
– Атан боларсың!
– деп айқайладым.**

**Ғылымпаз ғылымсыз жаңалық аша ала ма?
Ғылымсыз ғылымпаз даналық аша ала ма?**

**Еліктегіш те, желіктіргіш те,
Еліктей еліріп елеңдейді.
Еліктегіштің елеңдеген елібі
еленбейді**



**Зура зурнада ойнайды,
Зурнада бір ғана Зура ойнайды деме,
Зара да, Зере де зурнада ойнайды.**

**Ғарышкер ұшты ғарышқа.
Ғарышқа ұшты ғарышкер.
Айтшы, ғарыш алыс па?**

**Дөңгелек дөннен төмен дөңгеледі,
Дөңгелекті дөкемге немен өңгереді?**



**Зура зурнада ойнайды,
Зурнада бір ғана Зура ойнайды деме,
Зара да, Зере де зурнада ойнайды.**

**Ғарышкер ұшты ғарышқа.
Ғарышқа ұшты ғарышкер.
Айтшы, ғарыш алыс па?**

**Дөңгелек дөннен төмен дөңгеледі,
Дөңгелекті дөкемге немен өңгереді?**



**Жабағы жүні
Жабағыланған жабағыны,
Жабайландырмай-ақ
Жабуласа қайтеді?**

**Жағалтай жадағай
Жағалауды жағалап ұшты.
Жолақ-жолақ жағал құс
Жарлауытты сағалап ұшты.**

**Жәркелеш пен жәмпейлеске жәрдемдес,
Жездем сойған серкешті
Жеделдетіп бұтарлауға жәукемдес.**



**Қырқадағы қырық арқар,
Қырқы-дағы қиқар арқар.
Қасқиғаны марқа арқар,
Қалқадағы қарт арқар.**

**Нау да дау, дау да нау.
Науандау наудың
Науа жолында дау жолықты.**

**Өрені өрелі өрелес,
Өнерін өрелемес.
Өресіз өрені өркендеп,
Өркештеніп төрелемес.**



**Пішіні пішіндестің пішінін,
Пішіншіге пішіндеткізші,
Пәруай пейілді дәлелдеп мүсінін.**

**Реттегіш реттеңкіреп реттестірсе,
Ретсіздік те реттелер,
Ретін тауып іздеттірсе.**

**Сомадай Шалабай
Солақай Санабайды,
Соқталдай Шанабайды,
Сопиды шала алмай.**



**Төлеш төгіп тегешті,
Тілешке төніп егесті.
Тегешті төккен Тілеш емес-ті,
Төлеш несіне тежесті?**

**Үшкір тұмсық
Үш шымшық,
Үстірттен ұшты
Үш құрт шымшып.**

**Шабырға ала тастақты,
Шұбар шыбыш бастапты.
Шөп таппай шаңдақтан,
Шабырқанып аш қапты.**



**Шиеленіскен жіп түйінін
Шешсе, шешем шешішсінші.
Шиеленістіріп түйіндеудің қиынын
Шешем де сезсінші.**

**Шырпы сыпырғыштың ұшы
шырпылсыншы,
Шырпылы сыпырғыштың ұшы
қырқылсыншы.**

**Ызбарланған ыззақор ызғардан ығысты,
Ызғында ызғырықтан ығыр болғандар
ұғысты.**



**Қаһарлы айдаһар
Шаһарға келіп,
Қаһарланар.**

**Циркте ойнар аюды
Циркаш десем, күлесің.
“Ц” әрпінен басталған
Цемент сөзін білесің.**

**Шынтемір
Шықпен шыланған шөпке
Шыңдалған шалғысын
шық еткізді.**



Сұрап Мұрат
Коньки тап.
Байлап майлап,
Аттай шап.

Электр шамы жанады,
Этаждар жымың қағады.
Электр жарық бермесе,
Экран сөніп қалады.

Үйде неше шал отыр?
Көсе шал отыр.
Тақиясы шошайып
Шоқша сақалды шақша бас шал отыр.



**Даланы қар жабар,
Қарға балалар аққала қалар.**

**Даланы қар жабар,
Қарға балалар аққала қалар.**

**Қанат қанағаттанарлық баға алды,
Қанағат қанағаттанарлықсыз баға алды.**



**Талғат балға тап,
Оншақты жаңғақ шақ,
Шақсаң, сақ шақ.**

**Түрің түрленіп, кідірмей оқы,
Тілің күрмеліп, мүдірмей оқы.**

**Бұл бір жылтыр шылбыр екен,
Кіл қылдан ескен қылшылбыр екен.**



**Ақ тайлағымды бұйдалайын десем,
Бұйдалай алмадым,
Шудалайын десем,
Шудалай алмадым.**

**Айыр атанды жүк қартайтар,
Семіз қойды май қартайтар.
Күйгелек менің атамды,
Жас қартайтпас, ой қартайтар.**

**Алты алманы алды Алма,
Алды алманы Алдан да,
Алдан, Алма алды алма
Ал, есебін, алданба.**



**Әсел әсем бе,
Әсем әсем бе,
Әсел әсем бе?**

**Әмір әбігер,
неге әбігер?
Әділ әбігер,
неге әбігер?**

**Әпендіше Әкімнің,
Әкелді де әлгінде,
Әпкесінің әтірін
Әлек шашып әркімге.**



**Әдепкі әдемі әдепке әдеттенген,
Әдепті әділдікке әдеттенген.
Әдетте, әділдік те әдептіден**

**Бүлдіргенді Бүлдірген,
Күлдіргенді күлдірген,
Күлдіргенде Бүлдірген
Бүлдіріп ап күлдірген.**

**Әзілшіл жездеммен әзілдессең азырақ,
Әзірліксіз-ақ әдемі әзілге әзір-ақ.**



**Батырға қай көлік сай көлік?
Батырға сәйгүлік сай көлік.**

**Балалар көп тентек,
Күшіміз теп-тең деп
Күреспе тектен-тек.
Құлайсың көптен-көп,
Аяғың көкпен кеп.**

**Боламыз атама таң
Бір қызық адам атам.
Мінеді атам атан,
Мінбе деп атама атан
Айтуға бата ма адам?!**



**Бізде «бес» ала алатындар да бар,
Ән сала алатындар да бар.
Мал баға алатындар да бар.
Нан соға алатындар да бар.**

**«Берік, Серік, Өрік теріп Жеп еді.
Берік, Серік Жеген өрік Көк еді.
Ішті, Тісті Ауыртқан сол өрікке
Ренжулі Берік те, Ренжулі Серік те.»**

**Бұл қар – Сұр қар, Сұр қар Кір қар,
Үстінде ойнама, үстіңді былғар.**



**Бір кезде Бір кезбе,
Тау мен тасты көп кезді.
Бір кезбе, Бір кезде
Тау текеге кез келді.**

**Балық көп пе екен,
Халық көп пе екен?!
Халықтың ішінен кім
Балықты сөкті екен?**

**Байғыз – қай құс?
Байғыз – байғұс.
Ұшады жалғыз.**



**Біздің ел – күрішті,
Ырысты-күрішті.
Күрішті оруға
Ырысты кірісті.**

**«Гүл-гүл жайнап жер-аспан,
Гүрілдейді сайда өзен,
Гүлжазира жарасқан,
Гүлдерімен қай кезең?»**

**Дұрыс деп Тұраш айтты,
Бұрыс деп Бораш айтты.
Жалған деп Жарас айтты,
Рас деп Рәш айтты.
Қайсысы жалған айтты,
Қайсысы рас айтты?**



**Есік алдындағы отынның
Шырпылылырағынан ала кел,
Томарлылырағынан ала кел,
Тамырлылырағынан ала кел,
Түбірлілірегінен ала кел.**

**Далалықтарға даралық
Даласынан дариды.**

**Есік алдындағы отынның
Шырпылылырағынан ала кел,
Томарлылырағынан ала кел,
Тамырлылырағынан ала кел,
Түбірлілірегінен ала кел.**



**Жаңбыр жауып келеді қар аралас,
Бір топ кемпір келеді шал аралас.
Тауға қайың бітеді тал аралас,
Бір топ сиыр келеді тана аралас.**

**Жорғаң жорға-ақ екен,
Ордан қорқады екен,
Желіске шорқақ екен.**

**Ескермес те,
Естемес те,
Есіл сөздерді ескермес пе?**



**«Жамал Жаңылды,
Жалындырмақшы болды.
Жаңыл Жамалды,
Жаңылдырмақшы болды.
Жаңылдырғаны дұрыс па?
Жаңылдырмағаны дұрыс па»**

**Жол азық алдық,
Мол азық алдық.
Қоржынымыз толы
азық алдық,
Сайлаудың қоразын алдық.**

**«Жағажай, Жағажайда – Қамажай.
Жағажайды жағалай,
Жүгіреді Қамажай.**



**Мына сайда отырған бай Бағланбай
Бұл қай бай Бағланбай?
Бұл қай бай Бағланбай?**

**Маған сенсең,
көк сеңсең көп сеңсең,
Өзгелер сенбесе сенбесін,
маған сен сен.**

**«Мұзға мұз ұқсас,
Тұз – тұзға ұқсас,
Мұз да, тұз да ұқсас.»**



**Өсер өркен өштеспейді,
Өршеленген еш өспейді.
Өштестірет өсекшілер,
Өректіген өштестіреді.
Қазақ жаңылтпаштары**

**Орта таудың басына
Отау тікпек айнала,
Отауымды қотаныма тігем,
Қотанымды отауыма тігем.**

**Ол аралда да марал,
Бұл аралда да марал.
От екен маралға да арал,
Оттайтын аралда да марал.**



**Пеш үстінде бес мысық
– Бес күзетші, бес пысық.
Тышқан ұстап жемесе,
Бола қоймас еш қызық.**

**Пай-пай тіпті күш қалмай,
Піл қорықты тышқаннан.
Пана таппай жортады,
Пәледен жаман қорқады.**

**Өсер өркен өштеспейді,
Өршеленген еш өспейді.
Өштестірет өсекшілер,
Өректіген өштестіреді.
Қазақ жаңылтпаштары**



**Сыздық судан сүлік сүзді,
Сыздықтың сүлік салмасын үзді.
Салмадан сүлік шығып сытылып
Суға түсіп, сумаңдап жүзді.**

**Райхан, раушан реңдес
Реңдестерім ренжімес.
Раушанның райханы,
Райханның раушаны,
Рақатта реңсізденбе.**

**Парлады жас көзімнен.
«Пыссыншы біраз» деп,
Пысылдадым төзіммен.**



**«Сабалақ абалап үрді,
Сабалақ қотанды Жағалап,
абалап үрді де жүрді,
Сақпаншы құлағын түрді де жүрді.**

**Саматқа санақ қонатын емес,
Саусағын санап болатын емес.
Онысы кейде кем болып шығады,
Кейде кенет он болып шығады,
Кейде одан да мол болып
шығады,
Сөйтіп, есебі өзгеріп тұрады.**

**Топ, топ бала, топ бала,
Ойнап жүрген көп бала.
Зымырап топты бала
Қуады допты ғана.**



**Таппай қойсаң Жақыпты,
Тап қайтсең де Сақыпты.
Таппай қойсаң Сақыпты,
Тап қалай да Жақыпты.
Жақып жүрмес Сақыпсыз,
Сақып жүрмес Жақыпсыз**

**Талғат, балға тап,
Он шақты жаңғақ шақ,
Шақсаң, сақ шақ.**

**Тұрарбек Тұралбектер бір ел ме екен?
Тұралбек Тұрарбекті білер ме екен?**



**Шапалағы шарт етті,
Алақанда қызыл дақ!
Екінші рет шекесі
Қоя берді дызылдап,
Маса жүрді ызылдап.**

**Шалбарын тапса,
Байпағы жоқ.
Байпағын тапса,
Қалпағы жоқ.
Салаққа мұндай
Айтарым жоқ.**

**Шаңқ-шаңқ етіп шағала,
Шабак ілер жағада.**

